

Қарағанды облысы Теміртау қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 18 ақпандағы № 09/03 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 27 ақпандағы № 503 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 наурызда № 5727 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы қорытындысы және Теміртау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 31 қазандағы көпшілік тыңдаулар қорытындысы туралы хаттама негізінде Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы келесі құрамдас бөліктер:

Комсомол даңғылы – Бауыржан Момышұлы даңғылы;

Димитров көшесі – Абай көшесі;

Коммунаров көшесі – Олег Тищенко көшесі;

Калинин көшесі – Сәкен Сейфуллин көшесі;

Герцен көшесі – Ахмет Байтұрсынұлы көшесі;

Тольятти көшесі – Еламан Байғазиев көшесі деп қайта аталсын.

2. Қарағанды облысы Теміртау қаласының шығысында Республика даңғылынан Димитров көшесіне дейін орналасқан атауы жоқ скверге – "Теміртау жастары" атауы берілсін.

3. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімінің орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына және Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Ж. Қасымбек

Б. Шингисов

С. Утешов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК